Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

5 маусым сенбі

№44 (1746)

2021 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •

E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ӘНҰРАНЫМЫЗ ӘУЕЛЕП, ТУЫМЫЗ ЖЕЛБІРЕП, ЕЛТАҢБАМЫЗ ЕГЕМЕН ЕЛІМІЗБЕН БІРГЕ МӘҢГІ ЖАСАСЫН!

Құрметті жерлестер!

Сіздерді егемен елдіктің, еркіндік пен бейбітшіліктің белгісіндей болған Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтары мемлекеттік рәміздер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Кемел келешекке керуен түзеп, болашаққа батыл қадам жасаған Отанымыздың 30 жылдық ғұмырнамасында дамуы бен демократиялық құндылықтарының қалыптасуы қатар жүріп, мемлекеттік рәміздеріміз тұғырына нық орнап, мәртебесі артты. Елбасының тарихи бастамасымен, Мемлекет басшысының тың идеясымен елімізде жүзеге асып жатқан реформа – мемлекетіміздің іргетасын ныктай отырып, жыл санап әлемдік қауымдастықтар алдында беделін нығайтумен қатар танымалдығының артуына негіз болды. Теңдіктің тірегі, елдің жүрегі болған рәміздеріміз әрбір қазақстандықтың мақтаны, ардақтап, қастер тұтар құндылығына айналды.

Мемлекеттік рәміздеріміз – қазақ елінің өзіндік өмір салтын, тарихы мен тағдырын, болмысындағы ерекшелігін, ұлы мақсатқа ұмтылысын, өзгелермен қарым-қатынас орнатудағы бейбіт мұратын айқын бейнелейтін құнды құжаты.

Қадірлі қызылордалықтар!

Баршамыз үшін маңызды мемлекеттік мерекеде елімізге тыныштық, бейбіт өмір, әр отбасыға амандық, шаңырақтарыңызға шаттық, игі бастамаларыңыз бен еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін!

Бекем бірлігіміз мен тату тірлігіміздің арқасында еліміз гүлденіп, өркендеп, жайнай бергей. Әнұранымыз әуелеп, туымыз желбіреп, елтаңбамыз егемен елімізбен бірге мәңгі жасасын!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда қаласының әкімі
Ғ.ҚАЗАНТАЕВ

CNN CNN CNN

БАЛАЛАР ПОЛИЦИЯҒА ОҚ АТТЫ

Флорида штатының Волусия ауданының полиция қызметкерлері 14 жастағы қызға оқ атты. Бұған 14 жасар қыз бен 12 жастағы ер баланың бір үйден бірнеше қару ұрлап, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне оқ жаудыруы себеп болған. Оқиғаға байланысты CNN арнасының тілшілері Э.Левенсон, Л.Сантьяго, В.Сара мен М.Алонсо «Шерифтың айтуы бойынша, 14 жасар қыз бен 12 жасар ер бала үйге ұрлыққа түсіп, тауып алған каруларымен полицияға оқ атты» деген тақырыпта мақала дайындады.



Шериф офисінің хабарлауынша, қыз бала іші мен қолынан жарақат алып, бүгінде оның жағдайы орташа деп бағаланған. Ал ер бала өз еркімен беріліп, ешқандай жарақат алмаған. «Мен не дерімді білмеймін. Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне кішкентайлардың оқ ататындай біз қандай қателік жібердік?», − дейді шериф Майк Читвуд.

Бүгінде екі қылмыскер құқық коргау органы өкіліне жасалған шабуыл мен қарулы шабуыл айыптары бойынша жауапқа тартылуда. Ер бала қағазға жазған түсінігінде полицияға өздері ұрлаған АК-47, дробовик пен пистолеттен оқ жаудырғанын мойындаған. Оның айтуы бойынша, қыз бала полицияны көрген соң «Мен оларды GTA-дағыдай өлтіремін» деп шабуыл бастаған. Мұнда ол әлем бойынша танымал «Grand Theft Auto» ойыны туралы айтып отыр.

Сондай-ақ М.Читвуд баспасөз жиынында «Балалар полицияға әдейі оқ атқанын мойындады» деп айтты. Оның айтуынша, полиция оларды өз еркімен берілуге шақырғанымен балалар тоқтамастан оқ жаудырған. Полиция олар тығылған үйге телефон кіргізіп, келіссөз жүргізгісі келсе де көнбеген. Нәтижесінде қыз көлік тұрағынан шығып полицияға қару бағыттаған кезде қызға оқ атылған.

Шерифтің мәліметінше, екеуі де жетімдер үйінің тәрбиеленушілері екен. Бұған дейін ешқандай қылмыс жасамағанымен, ер бала мектепте жүргенде директордың басына тас лақтырамын деп, екіншісінде өз сыныптасын «ішек-қарнын ақтарамын» деп қорқытқан.

Қазіргі таңда Флорида штатының құқық қорғау департаменті қызға атылған оқтың заң жүзінде дұрыстығын зерттеуде. Департаменттің баспасөз хатшысы Гретл Плессинджер алдағы уақытта зерттеу жұмыстарының нәтижесі прокуратураға беріліп, соңғы шешім шығарылатынын айтты.

Полиция мәліметінше, сейсенбі күні 17.00-де басқармаға екі жасөспірімнің қашып кеткені хабарланған. Екі сағаттан кейін полиция олардың бір үйге ұрлыққа түскені туралы хабар алған. Құқық қорғаушылар үй иесіне хабарласқанда, ол үйде қару мен көп көлемде оқ бар екенін мәлімдеген. Полиция үйді қоршауға алған кезде балалар 35 минут бойы 4 рет оқ жаудырған. Толастаған оққа полиция еріксіз жауап беруге мәжбүр болып, оқ атқан.

Өз кезегінде округтегі құқық қорғау органы өз қызметкерлерінің сабырлығы мен кәсіби шеберлігіне алғыс айтты. «Полиция бүгін өздеріне төнген қауіпке қарамастан барынша сабырлық танытып, өз шеберліктерін көрсете білді. Әйтпегенде, балалар үшін бірнеше адам көз жұмуы әбден мүмкін еді», − деп мәлімдеді Читвуд.

Сонымен қатар шериф Читвуд балалар үйін парақорлық жайлаған мекеме деп айыптап, заң бұзушылықтардың алдын алу керек деп мәлімдеді. Себебі бұған дейін 14 жастағы қыз бала бір үй мен орманды алқапты өртеген. Дегенмен бұл іске қатысты ешқандай құқық бұзушылық туралы іс қозғалмаған.

Қазіргі кезде балалар үйінің басшылығы бұл қызды ата-анасына қайтарып берудің амалдарын қарастыруда. Алайда көпшілік оны ата-анасы тәртіпке сала алмайтынын, сол себептен балалар үйіне тапсырғанын айтуда. Өз кезегінде балалар үйінің басшысы Китвана Мактайер балалар үйінде оған барлық жағдайдың жасалғанына қарамастан оның бұған дейін бірнеше рет қашқанын айтты.

Негізі оқ атқан екі жасөспірім де шұғыл түрде қабылданатын балалар үйінде тәрбиеленуде. Мұндай үйге ата-анасына бағынбаған, отбасында қысымға ұшыраған балалар жатқызылады. Ендігі кезекте Мактайер мұндай үйді әзірге жабуды көздеп отырғанын мәлімдеп отыр.

Оқиғаға орай Әділет департаменті құқық қорғау органдары өкілдеріне адам шығынының алдын алғаны үшін алғысын білдірген. «Біз жасөспірімдердің әр ісі үшін жауапты екенін түсіндіру үшін түрлі шаралар жүргіземіз. Десе де бұл істен соң мұндай бағыттағы жұмыстарды көбейту керек», − деп Әділет департаменті мәлімдеме жасады.

Қысқасы, бұл оқиға Американы ғана емес, күллі әлемді ойландыратыны анық. Себебі мұндай қарулы қақтығыстың орын алуына ата-ана тәрбиесі ғана емес, балалар қызығушылық танытатын түрлі ойынның да үлкен әсері бар. Балалар қашанда қадағалауды қажет ететіні жасырын емес. Арна тілшілері дайындаған мақаланың да қорытындысы осындай.

4 БЕТТЕ

СОЛ ЖАҒАЛАУДА: «ГҮЛ БУЛЬВАРЫ», ЗӘУЛІМ ҮЙ...

Өңірімізде Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту жобасы 2017 жылдан бастап жүзеге асып келеді. Осыған дейін жеке инвесторлардың қаражаты мен мемлекет бюджеті есебінен 53 көпқабатты тұрғын үй бой көтерді. Сондай-ақ бірқатар әлеуметтік нысандар, көше-жол торабы, сыртқы және ішкі инженерлік инфрақұрылымдар, екі көпірдің құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді. Ал алдағы кезеңде біршама әлеуметтік нысандар мен 9-12 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізу көзделуде.

Осыған орай аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен қаланың сол жағалауын дамыту жобасын жүзеге асыру мақсатында облыстық штабтың алғашқы отырысы өтті. Жиынға облыс әкімінің орынбасарлары, қала әкімі және басқарма басшылары қатысты.

Жиын барысында облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетов саладағы соңғы 4 жылда атқарылған жұмыстарға тоқталды. Сонымен бірге сол жағалаудан бой көтеретін жаңа нысандардың негізгі ерекшеліктерін атап өтті.

Басқарма басшысының мәлімдеуінше, биыл республикалық бюджет есебінен 590 пәтерді құрайтын 12 арендалық тұрғын үй пайдалануға беру жоспарлануда. Бұл мақсатта тұрғын үйлер мен инженерлік желілерінің және абаттандыру жұмыстарына қаржы толығымен қаралған. Одан бөлек, алдағы уақытта 9 және 12 қабатты тұрғын үйлердің құрылысын салу жоспарлануда.

Келесі жылы сол жағалаудан көгалдағы хоккей, физика-математикалық бағыттағы жаңа мектеп, көпсалалы аурухана, облыстық қан орталығы, әкімшілік ғимараттар салынбақ. Сондай-ақ салтанат сарайы мен әлеуметтік базар құрылысы бой көтермек.

Штаб отырысында облыс әкімі сала басшыларына бірнеше тапсырма жүктеді. Сол жағалауда жоспарланған әрбір нысанның инженерлік инфрақұрылыммен толықтай қамтамасыз етуді және жол сапасын қадағалауға жете мән беруді баса айтты.

Ерекше айта кететін жайт, алдағы уақытта сол жағалаудан «Гүл бульвары» салынып, қала көркіне сән қоспақ. Мұнда әртүрлі сәулет фигуралары, жасыл желектер мен гүл композицияларын отырғызу, балалар және ойын алаңдарын, субұрқақтар мен су айдындары қамтылады.

Осыған орай аймақ басшысы қала әкімі Ғанибек Қазантаевқа «Гүл бульвары» құрылысының жоба-сметалық құжаттарын жыл соңына дейін әзірлеп, құрылысын бастауды қамтамасыз етуді тапсырды. Ал облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Бердияр Пірімбетовке құрылыс нысандарына мониторинг жүргізіп, тоқсанына бір рет баяндауды жүктеді.

«Ақмешіт ақпарат»

5 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

Жер-Ана, сен еңсеңді тіктеші!

5 маусымда күллі дүние жүзі қоршаған ортаны қорғау күніне орай табиғатқа назар аударып, түрлі шара ұйымдастырады. Көшеттер отырғызылып, қоқыстан тазарту жұмысы белсенді жүргізіледі. Себебі дәл осы күні адамзат баласы өзінің қоршаған ортаға тәуелді екенін бір сәт еске түсіреді. Бүгінде Табиғат-Ана қазіргі кезде көмекке зәру екенін ұмытпау керек. Жалпы бізде экологияға қаншалықты көңіл бөлінуде?

3 БЕТТЕ

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Жаз басталса елдің су айдындарынан сая іздейтіні белгілі. Әсіресе, суға түсуге десе, балалардың қуанатыны белгілі. Биыл да күннің күрт ысуына байланысты су айдындарына барушылар қатары көбейген. Өкінішке қарай соңғы күндері жасөспірімдердің суға кету дерегі артып отыр.

ҚҰТҚАРЫҢЫЗШЫ!

ЕРЕЖЕНІ ЕСКЕРІҢІЗ!

Жаз басталмай жатып, суға кеткендер неге көп? Балалар бақылаусыз қалды ма? Мәселенің мәнісін қалалық төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау лейтенанты Сүндетәлі Жанайдархан тарқатып айтып берді.

– Азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің басты бағыттарымыздың бірі болып табылады. Қазір күнделікті қадағалау жұмыстары қатаң түрде жүргізілуде. Бір айта кетерлігі, суға кеткен балалар мектеп оқушылары екені анықталып отыр. Суда қаза болу жағдайларын саралағанда аталған 4 оқиға да «Сталин» каналының белгіленбеген аймақтарында және адам жүруге арналмаған көпірден өту кезінде орын алған. Жаздың аптап ыстығында жасөспірімдердің суға кету жағдайының алдын алу мақсатында тыйым салынған жерлерге күн сайын рейд жүргізілуде. Сонымен қатар құзырлы органдармен бірлесіп арнайы тақтайшалар дайындалып, қауіпті аймақтарға орнатылуда. Суға түсу маусымы басталғалы бері үгіт-насихат жұмыстары үзіксіз жүргізіліп келеді. Полиция қызметкерлерімен бірлесіп, рейд барысында белгіленбеген аймақта суға шомылған 3 адамға әкімшілік хаттама толтырылып, ескерту жасалды. Олардың бірі су айдындардағы қауіпсіздік қағидаларын бұзса, бірі тыйым салынған орындарда суға шомылғаны анықталды. Суға түсуге барған адам қарапайым қағидаларды ескеруі керек. Бұл әрбір адамға өзінің бас амандығы үшін қажет. Демалыс орындарындағы су айдынына барғанда мас күйде суға түсуге, қайықтардан, катерлерден суға секіруге, жүзу шегін білдіретін белгілерден асуға болмайды. Ең бастысы балаларды қараусыз қалдырмау қажет. Балалардың суға кету оқиғаларының жиілеуі суға ересектермен бірге бармауынан болып отыр. Баласының болашағын ойлаған әр ата-ана осыны есте ұстағаны жөн. Төтенше жағдайлар қызметкерлері де суға шомылу маусымы басталғалы тынымсыз жұмыс режиміне көшті. Қала іргесіндегі су айдындарының көбі шомылуға арналмаған. Тек қана Н.Назарбаев даңғылының бойындағы «Арай» жағажайы мен Белкөл кентіндегі орналасқан жағажайда ғана суға шомылуға рұқсат етілген. Бұл екі жерде де барлық заңдылықтар қатаң түрде сақталған. Және қадағалау жұмыстары үзіксіз жүргізілуде. Соған қарамастан балалар да, ересектер де өзге жерлерге барып суға шомылатындары жасырын емес. Сондықтан жаз уақытында балалардың қай жерде немен айналысып жүргенін назарда ұстау керек. Оларды су жағасына жалғыз жіберуге болмайды, – дейді ол.

3 БЕТТЕ

МЕНІҢ ЕЛІМНІҢ ӘНҰРАНЫ

Елімнің Әнұраны шырқалғанда кеудемдегі жұдырықтай жүрегім қаттырақ соғып, тұла бойым шымырлап қоя береді. Мемлекеттік әнұранымызда ұлттың ұлылығын айқындайтын, мемлекетті басқа мемлекеттерден ерекшелеп тұратын, тыңдағанда жаныңды рахатқа бөлеп, рухани күш сыйлайтын сазы, әуені мен сөзі үйлесім тапқан. Сөзін жазғандар – Жұмекен Нәжмеденов, Нұрсұлтан Назарбаев, әні – Шәмші Қалдаяқовтікі.

Жалпы, біздің Әнұранымыз – Қазақстанды тәуелсіздікке бастаған, елдің егемендігіне жол ашқан 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында күллі жастарды біріктірген «Менің Қазақстаным» әні. Кеңестік үкіметтің әміршіл-әкімшіл саясатына қарсы шығу үшін «қазақты қазақ қана басқарсын» деп ұрандатқан жастардың жүрегінен терең орын алған осы бір өлеңнің ерекшеліктері де, қасиеттері де баршылық. Мұның ең басты құндылығы ынтымақ пен бірлікке, достық пен бейбітшілікке, ерлік пен қайсарлыққа бастайтын бар қазаққа ортақ жырға айналуында жатыр. Бұл әнді тыңдаған сайын алтын күннен нәр алып, дәнді даласын думанға бөлеген, ерлік пен елдіктің дастанына айналған Қазақстандай ұлы мемлекеттің азаматы болғанымды, қазақтай таутұлғалы ұлттың баласы екенімді мақтан тұтамын.

Әңгімеге арқау болған Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні 2006 жылдың 7 қаңтарында Елбасының Жарлығымен мемлекеттің ресми Әнұраны болып бекітілді. Сол жылдың 11 қаңтарында «Менің Қазақстаным» әні елдің мемлекеттік Әнұраны сипатында алғаш рет астаналық «Ақорда» резиденциясының шаңырағы астында Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан Президенті лауазымына салтанатты түрде кірісу сәтінде орындалды.

3 БЕТТЕ

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Міне, баспасөзге 2021 жылдың екінші жарты жылдығына жазылу басталды.
Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңіз төріңізде тұрсын!
Жекелер үшін 6 айға – 2500 теңге, мекемелер үшін – 3500 теңге.
Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:40-05-81, 70-14-08

Дана да, данышпан халқымыздың, «Өткен күнде белгі жоқ» деп айтқан өсиетті сөзіне жас шағымызда мән бермеуші едім. Өмір өте келе, зейнеткерлік жасқа жетіп, өткен күндерді ой елегінен өткізіп, ойлана-толғана, жас кезіміздегі небір керемет көңілді жастық шақ еріксіз ойға оралады. Қызметтес, дастарқандас, тұздас-дәмдес болған, теңдессіз татулық, ауызбіршілік пен адамгершілік, адалдық пен қимастық сәттерді аңсайсың, сағынасың.

Өмірден өтсе де, көңілден кетпейтін, кейбір асыл азаматтарды әлі де арамызда жүргендей сезінесің. Асқар таудай ағалар уақыт өте келе сыйластықтың арқасында бір туған бауырдай болып кетеді екен. Халық даналығында «Мың досың көптік етпейді, бір дұшпаның аздық етпейді» деген сөз бар. Ағалы-інілі болудың жолы да көп, түрі де көп. Сондықтан сыйластық бүкіл адамзатқа ортақ баға жетпес байлық, құдіретті құндылық. Алдында арқа сүйер ағасы бар адам бұл өмірде, тынымсыз тіршілікте бақытты адам, басына бақ қонған, төрт жағы құбыла, баянды өмір сүрудің шарттары мен қағидаларына сәйкес келетін азамат.

ЕЛДІҢ ҚАДІРМЕНДІ АБЫЗ АҚСАҚАЛЫ ЕДІ

Қасиетті де киелі Сыр бойында ақ адал ісімен ел есінде мәңгі бақи сақталатын жақсылары мен жайсаңдары, асылдары мен ардақтылары, арыстары мен алыптары, небір кемеңгерлер мен қаһармандар тәубе дейік баршылық. Солардың бірі – Сақы Ұзақбайұлы Қалыбаев ағамыз. Сәкең бүкіл саналы ғұмырын елге қызмет етуге арнады. Жарықтық Сәкең көп ретте асып-таспайтын, асылық әңгіме айтпайтын, қандай жағдай болса да ешкімнің сыртынан пендешілік әңгіме айтпайтын және ешкімге ретсіз, жөнсіз әңгіме айтқызбайтын. Қазақы түрде бағаласақ, бар болса тасымаған, жоқ болса жасымаған, ерекше қасиетке ие болған азаматтардың бірі болды.

Сәкеңді аудан дәрігерлерінің атасы деуге болады. Аудандық аурухананың бас дәрігері болып қырық жылдай еңбек етіп, қайраткерлік дәрежеге дейін жеткен саусақпен санарлық дәрігерлердің бірі. Абырой-атақтың ешқайсысынан кенде емес. Сәкеңнің еткен еңбегі ерекше бағаланып, көптеген орден, медальдармен, құрметті атақтармен марапатталды. Бірнеше рет Қазақстан компартиясы аудандық комитетінің пленум, бюро мүшесі, аудандық кеңесі атқару комитетінің мүшесі, аудандық, поселкелік кеңестердің депутаты болып сайланды.

Сәкең қандай ортада да өзін ерекше мәдениетті ұстайтын. Өте қарапайым, не айтса да тауып айтатын. Барынша кішіпейіл, дауыс көтеріп дөрекі сөйлемейтін, сыпайы, салмақты, сындарлы салиқалы, мәнді, маңызды әңгіме айтып отыратын. Түрлі мақсаттарға арнап жайылатын дастарқан мен өткізілетін жиын кеңестер Сәкеңсіз басталмайтын. Қорытынды сөзді өзі айтатын. Дастарқан басында бейсеует, келеңсіз, ретсіз, жөнсіз әңгіме айтылып жатса, көзінің қиығымен-ақ сабасына түсіретін. Иманды болсын, жарықтық Сәкең айналасына нұрын шашып, бірлікке, ынтымаққа, ұйымшылдыққа, мәмілеге, ымыраға, бәтуаға, жарастыққа шақырып отыратын еді. Көпшілік бас қосқан алқалы жиында ешкімді алаламай, ағалық ақылын айтып, артық әңгіме айтуды онша жақтыра бермейтін.

Ананың ақ сүтімен келген ізгі қасиеттерінің арқасында адами, азаматтық қасиеттері де жоғары болды. Бас дәрігер ретінде дәрігерлермен, қызметкерлермен қарым-қатынас жасау, түсінісу, сыйласу, аяқ жетер жердегі ағайынның, жора-жолдастың қайғырғанында, қуанғанында қасынан дер кезінде табылу, тарыдай қуанышын таудай етуге, түйедей қайғысын түймедей етуге өзінің күш-жігерін, ынта-ықыласын аямады. Жора-жолдас, туған туысқа адал қызмет етті. Ақыл сұрағанға сая болды, көмек сұрағанға пана болды, бата сұрағанға дана болды. Тіршілікте біздің Сәкең көп қателеспеген, төңірегіндегілерді қателестірмеген, барынша қанағатшыл, ынсапшыл, қамқоршы ағаларымыздың бірі болды.

Сәкеңнің тіршілікте, қызметте, өмірде жолы болған, еңбегі жанған, бақ қарап, қыдыр дарыған, туған халқынан, елден, ағайыннан, достарынан, қызметтестерінен, мемлекеттен кезінде тиісті бағасын алып, оны көзбен көріп, құлағымен естіген, бақытты азамат. Дастарқаны жаюлы, көңілі кең, отбасының киелі дастарқанынан игі жақсылар дәм татып, ризашылықтарын білдірген.

Сәкең туралы айтқанда Құдай қосқан қосағы, бүкіл бір әулеттің берекесі мен беделін асқақтатқан отанасы, шаңырақтың шырайы, шаттығы, отбасының ұйтқысы, тілеуқоры, ұйымдастырушысы, қамқоршысы Зағира Сейтенқызының өлшеусіз еңбегін айтпасқа болмайды. Зағира жеңгеміз текті әулеттің қызы ретінде Сақы ағамыздың табалдырығын аттағаннан бастап ырыс-несібе молая түсті. Өмірдің, тіршіліктің берекесі артты. Өмірге ұл-қыз келді, сөйтіп Қалыбаевтар өмірінде бұрын-соңды болмаған мамыражай өмір басталды. Соңғы кездері Сәкең «Мына Зағира жеңгелеріңмен алпыс жылдың үстінде тату-тәтті өмір сүрдік, біздің жолымызды берсін, көрген жақсылығымызды жұғысты етсін», – деп батасын беріп отырушы еді-ау жарықтық. Зейнеткерлікке шыққан соң Сәкең аудан өміріндегі берекелі тірлікке етене араласты. Елдегі шешімін таппаған кейбір мәселелерді тиісті жеріне жеткізіп, жоғары жақтан басшылар келсе өтініш ретінде айтып отыратын. Әсіресе, аудандық аурухананың жағдайы қатты мазалайтын.

Сәкеңнің отбасы, ұрпақтары шүкіршілік, «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей әке аманаты орындалып, өнегелі өмір сүруде. Біз де, соңынан ерген інілері, туған-туыс бауырлары тәуба дейміз. Қуанамыз, қолдаймыз, мақтан етеміз, марқаямыз, масаттанамыз. Бір шаңырақ астында, Зағира әжесінің бауырында кенжесі Төлеген мен келіні Алмагүл, немересі Дәулет пен Нұрайлым, шөберелері Данияр, Көркем, Айзия, төрт ұрпақ өкілдері жадырап-жайнап, тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл да Қалыбаевтар әулетінің ерекшелігі, береке-бірлігі, татымды тірлігі, нағыз бата қабыл болған шаңырақтың абыройы.

Сақы ағамыз ауданның 82 жылдық тарихында медицина саласында өзіндік із қалдырып, оның дамуына сүбелі үлес қосқан шебер ұйымдастырушысы, елдің жанашыры болды. Атасының жолын қуған немерелері Дәурен Сәкенұлы Алматыдағы С.Асфендияров атындағы медицина университетінің 6-курсында, Аружаны Ақтөбе медицина университетінің 5-курсында оқып жатыр. Әрбір ата-ана, «Ұрпағым әке жолын қуса екен, әкеден артық болып туса екен» деп тілейді.

Сәкең мен Зағира жеңгеміздің ақ тілектері қабыл болған бақытты әулет екендігінде сөз жоқ. Сәкеңнің өзі өмірден өткенмен, ұрпақтары атасының сара жолын, дара жолын сәбилік пейілмен жалғастыруда.

«Жақсы әке балаға 40 жыл азық, жаман әке 40 жыл қазық болады» деген екен дана халқымыз. Ұрпақтарына кем дегенде 40 жыл азық болса, қадір-қасиетін білетін туған-туыс, бауырларына, жора-жолдастарына кем дегенде жүз жыл азық болатын Сәкеңді ұмыту мүмкін емес. Атам қазақ «Жүгіріп шығар төбе көп, асу бермес шың қиын, қартайған шал елде көп, ақсақал болу тым қиын» деп бекер айтпаған болу керек.

Сәкеңнің көргені, көңілге түйгені көп, білгені көп, аудан тарихында өзіндік орны бар, сүйекті сөз айта алатын салмағы бар, отыратын орнын білетін, сөйлейтін сөзін білетін, абыз ақсақалымыз еді. Енді міне өткен жылы шілде айында, 88 жасында бақилыққа аттанған, абыз да, ардақты ағаның өзін де, асыл сөзін де еске алып жүрміз. Ағамыз еліміздің бірлігіне, тәуелсіздігіміздің тұғырлы да, берік болуына рухани дем беріп, батасын беріп кетті деп есептейміз.

Жатқан жеріңіз жайлы, иманыңыз жолдас болсын! Жаратушы ием ұрпақтарыңызға береке-бірлік берсін, көрмеген қызығыңызды Зағира жеңгей көруіне Алла нәсіп етсін, екі дүниенің иман байлығын берсін!

Кенжеғара СҮЛЕЙМЕНОВ.
Аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы,
Жалағаш ауданының Құрметті азаматы

БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

КӘСІП БАСТАСАҢЫЗ, ҚОЛДАУ БАР

БІРЖАННЫҢ ДОМБЫРАСЫ

Қызылордалық Біржан Ділмановтың шеберханасын бәрі біледі. Бала кезінен ата кәсіптің қыр-сырына қанық боп өскен Біржан шеберлігімен танылды. Оны шеберханасына іздеп келіп, арнайы тапсырыс беретіндердің қарасы қалың.

Қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің ұйымдастырған баспасөз туры барысында Біржанның шеберханасына бардық. Ол 2019 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 14 млн теңге қаражат алып, өз кәсібін бастаған.

Он саусағынан өнер тамған шебер бүгінде ағаштан түрлі бұйымдар жасайды. Басты кәсібі – домбыра жасау. Ол сүйікті ісін 20 жыл бұрын бастаған. Шебер домбыраны аз дегенде 10 күнде жасаса, ең ұзағы 3 айда жасап бітіреді екен.

– Ұсталық қасиет әкем – Базарбектен дарыған. Бүкіл Ділманов әулеті осы кәсіппен айналысамыз. Үлкен ағамыз Сапарбек домбыра жасайтын цех ашып, осы істі бірінші болып қолға алды. Қазір оның ізін жалғап келеміз. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларында шеберхана филиалдары жұмыс жасайды, – дейді «Жетіген саз аспаптар» ЖШС шеберханасының жетекшісі Біржан Ділманов.

Біржанның қолынан шыққан домбыра саусақтың ұшы тисе болды, күмбірлей жөнеледі. Шағын шеберханада аспаптың түр-түрін табасыз. Шебер мемлекеттік бағдарламалардың да арқасында шеберханасын жаңа әрі заманауи үлгідегі жабдықтармен жабдықтаған. Шертер, альт-домбыра, альт-шертер, прима-домбыра, прима-шертер, бас домбыра, дауылпаз, сылдырмақ, жетіген, қобыз, скрипка, виолончель сынды аспаптардың қай-қайсысына тапсырыс беруге болады.

– Шеберханада 15 станок жұмыс істеп тұр. Оның әрқайсысын пайдалануда аса ұқыптылық пен икем керек. Олай болмаған күнде аяқ асты жазым болып қалуыңыз мүмкін. Әкем кішкентайымнан әрбір дүниені сапалы әрі сәнді етіп жасауға үйреткен. Әкемнің сол өнегесінен әлі күнге дейін жаңылған емеспін. Домбыраны бір ай жасасам да сапалы болғанын қалаймын. Ағашына, бояуына, тіпті, желіміне дейін аса мән беремін, – дейді шебер.

ШЕТЕЛДІКТЕР НЕГЕ ҚЫЗЫҚТЫ?

Бүгінде шағын болса да өз кәсібін дөңгелетіп, нәпақасын тауып отырған жандар қатары күннен-күнге артып келеді. Кез келген үйді, кеңсені жиһазсыз елестету мүмкін емес. Себебі әдемі жиһаз – үйдің сәні. Осыны түсінген кәсіпкер заманауи үлгідегі жиһаз жасауды қолға алған.

Жиһаз жасау бір қарағанда оңай дүние сияқты. Ағаш жонып, шеге қағып әуре болмайсың. Барлық жұмыс станоктар арқылы істеледі. Алайда, шеберханадағы қызу тірлікті көріп бұл ойымызды өзгерттік. Өйткені ағашты жонып, иіп жиһаз жасау үлкен өнер, асқан шеберлікті қажет етеді. Ал Айдар Қыстаубаев – бұл істің нағыз маманы. Шебердің қолынан шыққан дүниелерге шетелдіктер де қызығуда. Таңданатыны жоқ, жиһазды сапалы әрі талғамға сай жасалатындықтан сұраныс көп.

– Әр саланың қызығы мен қиындығы қатар жүреді. Сол секілді жиһаз жасаудың да өзіндік қыр-сыры бар. Кәсіпті дамытуға бар күшімді салып келемін. Тұтынушылар мақтап жатады. Бұл біздің мерейімізді өсіріп, жұмысқа деген ынта-жігерімізді оятады. Біз талғамы жоғары тұтынушының ойын дөп басып, көңіліндегідей етіп жасап шығару үшін күндіз-түні жұмыс істеп, барымызды саламыз, – дейді ағаш шебері.

Кәсіпкер 2019 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдараламасы аясында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы 15 млн теңге қаражат алып, соңғы үлгідегі станоктар алған. Бүгінде кәсіпкер жасаған жиһаздар шетел асуда.

ӘК ШЫҒАРАДЫ

Азамат Жаңақұловтың кәсібі ешкімге ұқсамайды. 2013 жылы әк шығарудан бастап, одан кейін пескоблок шығаруды қолға алады. Кәсіпкер бүгінде 13 адамды жұмыспен қамтып отыр. Шағын зауыттан күніне 4 тонна әк, 500 дана пескоблок шығарады. Тапсырыс та күн санап артып келеді. Ол 2019 жылы «Нәтижелі жұмыспен қамту жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдараламасы аясында «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» арқылы әк, пескоблок өндіру ісіне 8 млн-нан аса қаражат алған. Қазіргі таңда кәсібін дөңгелетіп отыр.

– Песклобок осыдан тоқсан жылдай уақытта Европада өндіріле бастаған. Қазіргі таңда Канада, Австралия сияқты елдерде тұрғын үйлер мен түрлі бағыттағы ғимараттар тұрғызуға пайдаланылып келеді. Оның жылуды қалыпты температурада ұстау мүмкіндігі қыш кірпіштен үш, күйдірілген кірпіштен сегіз есе артық. Сонымен бірге жаздың аптап ыстығын өткізе бермейді. Ал әкті қалада жүріп жатқан құрылыс нысандарының бір қатарына жеткізіп отырмыз. Тапсырыс азайған емес. Алдағы уақытта арнайы әк пештерін алып, кәсіпті кеңейту жоспарда бар, – дейді кәсіпкер Азамат Жанақұлов.

Баспасөз турында байқағанымыз қалада кәсібін дөңгелеткен кәсіпкерлер мемлекеттік бағдарламалардың игілін көруде. Биылғы жылдың 1 мамырына дейін облыс орталығында 26 мың 358 шағын кәсіпкерлік нысаны тіркелген. Оның ішінде нақты жұмыс жасап тұрғаны – 22 518.

– «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында бүгінгі таңда жалпы құны 6,2 млрд теңгені құрайтын 357 жоба қаржыландырылды. «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша басымдық берілген жобаларды жеңілдікпен несиелеу бағдарламасы жүзеге асқаннан бері қала бойынша жоба құны 17 млн теңгені құрайтын 1 жоба қолдау тапты. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға» арналған бағдарламасы аясында қала мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтер бойынша биыл барлығы 207 млн 540 мың теңгені құрайтын 23 жоба қолдау жүзеге асты, – дейді қалалық кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Бағлан Амангелдиев.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

САРЫП – қауіпті індет

Бруцеллез – созылмалы өтетін, іш тастау, шуы түспеу, эндометрит, орхит және жануарлардың жыныстық қабілетінің бұзылуы арқылы ерекшеленетін жұқпалы ауру. Бруцеллезбен ауылшаруашылық малдарынан: қой мен ешкі, сиыр, қодас, буйвол, бұғы, марал, түйе, жылқы, шошқа, қоян, солтүстік бұғысы, иттер ауырады.

Инфекция қоздырушысының бастауына клиникалық белгілері айқын білінген бруцеллезбен ауырған малдар жатады. Қоздырушы микроб сонымен қатар сүтпен, шәуетпен, нәжіспен және несеппен бірге бөлінеді. Сиырдың желінінде бруцеллалар 7-9 жыл, ал қойда 2-3 жыл сақталып, оқтын-оқтын сүтпен бөлініп тұрады. Бруцеллалармен ластанған өнімдер және малдан алынған шикізаттар, жануарларды күтуге арналған жабдықтар, жем-шөп, төсеніш, су, топырақ, малды қарайтын адамдардың киімдері басты жұқтыру факторлары болып табылады. Жас төлге бруцеллез негізінен алиментарлық жолмен енесінің сүті арқылы, ал сақа жануарларға алиментарлық (жем-су арқылы) жолмен және шағылысқанда жұғады.

Ал адамдарда бруцеллез ауруы әртүрлі жолдармен жұғады. Індет көбінесе ауру малмен немесе олардың өнімдерін, шикізаттарын пайдаланғанда жұғады. Бруцеллез – ауыр созылмалы індет. Ол сүйек-буын, орталық жүйке жүйелерін, жыныс және жүрек-қан жүйесінің зақымдануымен мүгедектікке апарып соқтыруы мүмкін. Жасырын кезеңі 1-2 аптаға, ал кейбір кезде 2 айға созылады. Жасырын кезеңнен кейін жіті байқалып, дененің қызуы 3-7 күн бойы 39-40ºС көтеріліп тұрады. Жануарлардың барлық түрінде бруцеллездің басты белгісі – буаздықтың екінші жартысында байқалатын іш тастау.

Сарып ауруының алдын алу үшін ветеринария мамандары жыл сайын тұрғындардың қолындағы бар малдарынан жоспарлы түрде аналық бастан 2 рет, ал қалған малдардан 1 рет ҚР АШМ №7-1/587 бұйрығына сәйкес қан алынып, зертханалық тексерулер жүргізіліп отырады. Ауру анықталған жағдайда, оң нәтиже берген малдар оқшауланып, арнайы мал сою алаңдарында сойылып, қайта өңдеуге жіберіледі.

Ветеринария саласының мамандары сауда орындарында, қала базарларында ет және сүт өнімдері зертханалық тексерулерден өтіп, ветеринариялық құжаттармен сатылуын қатаң бақылап, сатып алынған немесе сатылатын малдардың ілеспе құжаттарынсыз тасымалданбауын қадағалап отырады. Сол себепті мал және мал өнімдерін сатып алу кезінде оның барлық ветеринариялық ілеспе құжаттары(вет.паспорт, вет.анықтама) түгел, зертханалық тексеруден өткен болуы тиіс. Қала аумағында шығу тегі беймәлім, зертханалық тексеруден өтпеген ет және сүт өнімдерін пайдалану сарып ауруының таралу жолдарының бірден-бір көзі болып табылады.

Т.ӘЛПУАНОВА,
ҚР АШМ ВБжҚК Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы

АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫ
№44 5 маусым, 2021 жыл

Жер-Ана, сен еңсеңді тіктеші!

Өңірде экологиялық ахуалды реттеу мақсатында жұмыс істейтін арнайы департамент бар. Аймақтағы экология департаменті қоршаған ортаның сапасын жақсарту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жұмыс жасайды. Сонымен қатар, экология басқармасы тексеріс жұмыстарын жүргізіп, қоршаған ортаға залал тигізгендерді жауапқа тартады.

Облыстық экология департаментінің мәліметінше, 2021 жылдың I тоқсанында 12 нысанға бақылау шаралары ұйымдастырылған. Оның 3-уі профилактикалық бақылау және қадағалау бойынша, 9-ы жоспардан тыс тексеріс жұмыстары. Осының нәтижесінде 13 экологиялық заңнама актілерін бұзу фактісі анықталып, 15 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі жөнінде анықталып, айыппұл салынған. ҚР Экологиялық кодексінің талаптарын бұзған 1 нысанның қызметі тоқтатылған. Қоршаған ортаға тигізген залалы үшін 247 500 теңгені құрайтын 2 нұсқама мемлекет пайдасына өндірілген. Одан бөлек пайдалы қазбаларды заңсыз пайдалану бойынша 2 заң бұзушылық анықталып, бүгінде ол жерлерге рекультивация, яғни қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Департаменттің зертханалық-талдамалы бақылау бөлімі 12 нысанды тексеріп, 98 қоршаған орта объектісіне мониторингтік бақылау жасаған. Нәтижесінде нормативтік шектен асудың 21 дерегі тіркелген. I тоқсандағы сараптаманың нәтижесінде атмосфералық ауаға шығындылар 1030,76 тоннаға азайғаны анықталған. Оның ішінде «Байқоңыр» кешенінде 18 нысанға жоспарлы тексеріс жүргізілмек. Қазіргі кезге дейін 3 мекеме тексеріліп, экологиялық заң бұзушылықтарды жою бойынша нұсқама берілген. Бұдан бөлек, 2 кәсіпорын жоспар түрде тексерілуде.

Сонымен қатар ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қызылорда облысының экологиялық мәселелерін кешенді шешу жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған Жол картасын» бекіткен. Жол картасында ауаны ластаушы заттарды азайту, су ресурстарын реттеу, қалдықтарды басқару, көркейту мен көгалдандыру, қоршаған ортаның жай-күйіне тексеріс және ақпараттық жұмыстар қарастырылған. Бүгінде 2020 жылға бекітілген 6 іс-шараның 5-уі, биылғы жылдың 1 шарасы жүзеге асырылған.

Басы 1-бетте

Шынтуайтында, бұл жай ғана цифрлар еместігін бірі түсінсе, бірі түсінбеуі мүмкін. Дегенмен «Жер-Анаға» зардабын тигізіп жатқандар аз емес. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деп бекер айтылмаған. Адамдар таза ауа мен табиғаттың құндылығын әлі де болса түсінбей келе жатқаны ащы болса да шындық. Экологияны қорғау – тек белгілі бір топтың емес, күллі адамзат баласының міндеті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында қоршаған орта мәселесіне «Экология және биологиялық әркелкілікті қорғау» тақырыбында тоқталған болатын. Күллі әлем жұртшылығы айналысып жатқан мәселемен бізді де бұл үрдістен шет қалмауға шақырды. 2021 жылы 2 қаңтарда арнайы «Экология кодексі» қабылданды. Бес жылда орман алқабында 2 млрд, елді мекендерде 15 млн ағаш отырғызуды тапсырды. Ұлттық саябақтарды қорғау мен ол жерде заң бұзушыларды жауапқа тарту да Жолдауда айтылды.

Президент өз Жолдауында «Birge – taza Qazaqstan» экологиялық акциясын жүйелі түрде жүзеге асыру керек екенін айтты. Себебі бұл жоба халыққа экологиялық тәрбие беруде үлкен септігін тигізіп, жауапкершілікті түсінуге көмектеседі. Десе де бұл жоба әзірге ойдағыдай жүйелі түрде атқарылып жатыр деуге келмейді. Ағаш отырғызу тапсырмасы орындалып жатқанымен, оны күтіп-баптау шаралары бар екенін кейбірі естен шығарып та алған секілді. Сондай-ақ Президент тапсырған «Жануарларды қорғау туралы» заң да Қазақстанға аса қажет. Себебі соңғы кездері жануарлар әлемінің тіршілік иелеріне адамның тигізіп жатқан зардабы көбейді. Міне, осы мәселелер уақыт күттірмей шешімін табуды қажет етеді.

Тапсырмаға орай атқарылып жатқан жұмыстарды да жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, Арал теңізін аман алып қалу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстар бар. Бұл мақсатта 5 қаңтарда өткен онлайн брифингте ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиев былай деді:

– Бұл өте күрделі мәселе, 2002 жылдан бастап 2008 жылға дейінгі кезде осы бағдарламаның бірінші кезеңі іске асырылды. Жобаны сәтті іске асырудың арқасында су айдыны 870 шаршы метрге немесе 40%-ке ұлғайтылды, судың минералдануы төмендеді, соның арқасында Солтүстік Аралда балықтың 20-ға жуық түрі мекендейді. Бұл жұмыс екі бағытта жалғасатын болады, су айдынын одан әрі кеңейту мүмкіндіктерін зерттеу және Арал теңізінің құрғаған түбіне ағаш отырғызу», – деді министр М.Мағзұмов.

Министр өз сөзінде соңғы онжылдықта шамамен 270 мың гектарға сексеуіл отырғызылғанын, 5 жыл ішінде Президент тапсырмасымен Арал теңізінің құрғаған табанына 160 мың гектар ағаш отырғызылатынын айтты. Бұл жоспарлар жүйелі түрде жүзеге асса тұз және құммен күресуге оң әсерін тигізер еді.

«Біздің өңірден ғарышқа ұшып жатыр», – деп көкірек кергенімізбен, оның ар жағындағы қарапайым халыққа тиіп жатқан залалды да ұмытпау керек. Аспанға ұшқан кеменің әсерінен далада шөп шықпай, мал-жан қырылып, адамдар жазылмас дертке шалдығуда. Мемлекеттің басты байлығы – адам дегенмен, жалға берілген сол жерден адамдар зардап шегіп жатқаны шындық.

Аралдағы қуаңшылық ондағы жұртшылыққа оңай тимейді. Күнін малмен көріп отырған халық азығынан айырылуда. Бұл аз болғандай мал азығының балансын ұстап қаламыз деп төл басын азайтып жатыр. Десе де Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандары Арал үшін арнайы жем-шөп апаратын болды.

Жаз басталмай жатып Өскемендегі ағаштардың құлпырудың орнына қурап жатқаны да жай емес. Мұны мамандар өндірістік шығынның әсері деп топшылады. Ал «Қазгидромет» өткен бейсенбіде Өскеменде ауадағы күкірт диоксиді шекті мөлшерден 9 есеге асқанын тіркеген. Мұның барлығы сол алпауыт зауыттардан шыққан түтіннің зияны болуы әбден мүмкін.

Қысқасы, қоршаған ортаны қорғау күні жақындаған сайын Жер-Ана жағдайы жақсы еместігін осылай жеткізуді жөн көргендей. Әйтпесе, күнделікті табиғатқа келіп жатқан зардапты елемейтін күйге жеткеніміз рас.

Жер шарының «ауруға шалдыққанын» айтып шыр-пыр болып жүргендер де бар. Олар экологиялық проблемаларды көтеріп, шешімін табуы үшін барын салуда. Оның қатарында біздің өңірдегі «Эко-қамқор болашақ» қоғамдық бірлестігі де бар. Бірлестік экологиялық проблемаларды анықтап, оның шешу жолдарын қарастырумен айналысады. Сонымен қатар мемлекетке көкейкесті мәселелерді ұсынып, жұмыс жасауға, олқылықты реттеуге өз үлесін қосалы.

– Өңір экологиясын реттеу үшін ауа мен су жөніндегі мәселелерді реттеу керек. Ол үшін жасыл желекті көбейтіп, судың ластануының алдын алған жөн. Менің ойымша бізге ұзақ жылдық арнайы тал егу жобасы керек. Себебі біз әзірге тек бір жылдық қаражатты игерумен келе жатырмыз, – дейді «Эко-қамқор болашақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Ыбырайхан Мұсабайұлы.

Ал тұрмыстық қалдықтарды реттеу мәселесі өз жолымен шешімін табатын екінші кезектегі мәселе дейді Ыбырайхан Мұсабаев. Оның сөзінше тұрмыстық қалдықтың алдын алу үшін ең алдымен барлық жағдай жасалып, кейін заң бұзғандарды жауапқа тарту керек.

Бүгінде әлемнің алпауыт елдері экологияны реттеуге білек сыбана кірісіп кетті. Мәселен, АҚШ арнайы заңның арқасында зауыт-фабрикалардың зардабын азайтуда. Мысалы, АҚШ үкіметі кәсіпорындарға ең тиімді, ауаға әсерін аз тигізетін жолдарды қарастыруды талап етіп отыр. Сонымен қатар химиялық орындардың иесі жарылыс пен қызметтік ақаудың алдын алуға міндетті. Мұндай шешімдердің нәтижесінде бұл мемлекетте экологиялық ахуал едәуір жақсарған. Ал Жапония қоршаған ортаға көңіл бөлуді бастап кеткелі қашан. Бүгінде жапондықтар қарапайым қоқысты тастау мәдениетін меңгеріп, елде мейлінше табиғатқа зиян келтірмеу шаралары қарастырылған. Электр энергиясын күннен алатын үйлердің саны көп. Мұның барлығы таза табиғаттың қамы үшін жасалған дүниелер.

P.S. Адам баласына ең керегі – дөңгеленген дүниедегі нұрлы өмір. Баурайын гүлмен көмкерген, әсем табиғатымен өрлеген, биік тауларымен сәндеген, ағаштарын саялаған Жер-Ананың адам баласын әлдилеген алтын бесік екенін баршамыз жақсы білеміз. Сол алтын бесігіміз жақсы болса, бейбіт күн кешіп, нұрлы өмір сүретін уақытымыз да көп болады. Сондықтан да, Жер-Ана, сен еңсеңді тіктеші!

Аслан НҰРАЗҒАЛИ

ҚҰТҚАРЫҢЫЗШЫ!

«АПТАЛЫҚТЫҢ» АҚПАРАТЫ

Төтенше жағдайлар министрлігінің Азаматтық қорғаныс және әскери бөлімдер комитетінің мәліметінше, биыл 5 айда еліміздің су айдындарында 34 бала қайтыс болған. Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 67 процентке артық. «Қайғылы оқиғаның басты себебі – ата-аналардың баласын қараусыз қалдыруы, балалардың тыйым салынған жерлерде шомылуы», – дейді комитет төрағасы Бауыржан Сыздықов.

Облыстық өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің мәліметі бойынша 2 маусым күнгі ақпаратқа сүйенсек, жыл басынан бері құтқарушылар судан 17 адамның денесін алып шықты. Соның 11-і балалар екені анықталып отыр.

КӨЗБЕН КӨРІП, КӨҢІЛГЕ ТОҚЫДЫҚ

Иә, бүгінде суға шомылушылар қатары көбеймесе азаймай отыр. Біз мақала жазу барысында «Мерей» шағын ауданы тұсындағы су алаңына мамандармен бірге бардық.

Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің мамандары Нұрлан Маханбетов пен Бейімбет Айтпанов балаларды дария жағасына суға жібермеу үшін күзетіп тұрғанын жеткізді. Олардың айтуынша, мекеме қызметкерлері қала аумағындағы төрт су айдындарына бөлініп бекітілген. Адам амандығы үшін ұйықтамай жұмыс істеуді міндеттері санайды. Дегенмен олардың да айтар өз бұйымтайлары бар. Тыңдадық...

БАЛАЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛСА...

– Қазіргі таңда осындай рейд жұмыстары күнделікті екі топпен жүргізілуде. Әр адам өзін де, балаларын да қайғылы оқиғалардан, қауіп-қатерлерден сақтандыруы тиіс. Олар айтылған ескертулерге құлақ аспастан, жайбарақат барып суға түседі. Рейд барысында жағалаулар зерттеліп, нұсқау берілуде. Жаз мезгілі болғандықтан балалардың суға шомылуға асығатынын түсінеміз. Алайда суға түсудің соңы қайғылы жағдайға душар ететінін қаперден шығармау керек. Соңғы уақытта орын алған жағдайлар жаға ұстатарлық. Бұл – жақсы көрсеткіш емес. Дегенмен тиімді және уақытылы қабылданған шаралардың арқасында апатты жағдайлардың алдын алып отырмыз. Балаларға суға түсу ережесін жиі түсіндіру керек. Су айдындарында адамдардың қаза болуының себептері әртүрлі. Көпшілігі суға түсу қауіпсіздік қағидалары туралы білетіндігін айтып, рұқсат етуін талап етеді. Жоғарыдағы ережелердің барлығы тектен-текке айтыла салған жай сөз емес. Оның бәрі де төтенше жағдайлар комитеті арқылы бекітілген. Осындай міндет жүктелгелі құзырлы орындардың қызметкерлері табанынан тозып, түрлі тиімді шараларды жүзеге асырып жатыр. Бізбен бірге ерікті топ мүшелері де жұмысқа тартылып, арнайы жедел-құтқару жасақтарында оқудан өтті. Балаларға арнап тегін суға шомылу алаңдарын көптеп салып берсе нұр үстіне нұр болар еді, – дейді өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметінің мамандары.

Басы 1-бетте

АЛҒАШҚЫ КӨМЕК ҚАНДАЙ БОЛУЫ КЕРЕК?

Суға кеткен адамды құтқарғаннан кейін алғашқы көмек қандай болу керек? Мұны біреу білсе, біреу біле бермейтіні белгілі. Осы сауал бойынша облыстық «Жедел-жәрдем» стансасының оперативті бөлімінің аға дәрігері Ләззат Медетовадан сұраған болатынбыз.

– Әрине, мұндай жағдайға ешкім де душар болмасын. Алайда мұндай келеңсіздік кездескен кезде алдымен жәбірленушіні құрғақ жерге алып шыққан жөн. Егер суға шашалып, есінен танып қалса, ондай жағдайда оны ішімен өз тізесіне жатқызу керек. Бұл судың өкпе мен асқазаннан ағып кетуіне септігін тигізеді. Ал егер адам бірден есін жимаса, оған «ауыздан-ауызға» жасанды дем берген жөн. Бұдан кейін де тамыр соғысы байқалмаса, жүрекке жасанды массаж жасау қажет. Ол үшін екі қолмен яғни бір қолды екінші қолдың үстіне жүрек тұсындағы кеудеге жеткілікті түрде қатты және екпінмен басу керек. Массажды жасанды дем берумен кезектестіріп отырған жөн. Зардап шеккен адам ес-түссіз жатқанда, «жедел жәрдем» көмегі келгенше үздіксіз қайталап отыру қажет. Тіпті адам есін жинап демалысы мен тамыр соғысы қалыпқа келгеннің өзінде оған медициналық көмек қажет болуы әбден мүмкін. Кей кездері асқынулар туындап жатады. Сол себептен оны дәрігер қарауына берген жөн, – дейді облыстық «Жедел-жәрдем» стансасының оперативті бөлімінің аға дәрігері Ләззат Медетова.

МҰНДА СУҒА ТҮСУГЕ БОЛМАЙДЫ!

Жаз айының басталғаны кеше ғана. Ендеше шомылу маусымы әлі де жалғасатыны жасырын емес. Сол себептен қауіпсіз шомылу ең алдымен әрбір адамның жауапкершілігіне байланысты. Дегенмен қала аймағында суға түсуге тыйым салынған жерлерді оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Қауіпті аймақтар қатарында: «ПМК – 29» саяжайы тұсындағы Сырдария өзенінің жағалауы. Жаңадария каналының тұсы. «Сабалақ» саяжайындағы «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» тас жолындағы көпір тұсы. Ширкейлі көпірінің тұсы. «Эделвейс» саяжайының тұсы. «Ягодка» саяжайындағы Сырдария өзенінің жағалауы. Облыстық өкпе аурулар ауруханасы тұсындағы Сырдария өзенінің жағалауы. «Мерей» мөлтек ауданы тұсындағы Сырдария өзенінің жағалауы. Тәуелсіздік даңғылы бойындағы Сырдария өзенінің жағалауы. «Сыр ана» монументінен Жасақ базасына дейінгі арақашықтық. Тасбөгет кенті тұсындағы Сырдария өзенінің жағалауы. «Сталин» каналының бойы, Тасбөгет кентінің кіреберіс тұсы. «Саяхат» шағын ауданы «Тұран» газ тұсы. Белкөл кентіндегі көпір тұсы. «Р-1» каналы шлюздерінің маңы.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

ҚУАҢШЫЛЫҚ: МАЛ БАСЫН АЗАЙТЫП АЛМАЙМЫЗ БА?

«Арал ауданында мал қырылуда» деген ақпарат желдей есті. Малдың жайын алдымен сұрайтын қазақ емеспіз бе, бұл жағдай елді елең еткізді. «Мал неге қырылды?» деген сауал көп көкейінде екені даусыз. Мәселенің мәнісі өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте айтылды.

Соңғы жылдары Арал өңірінде ауа райының қолайсыздығы салдарынан қуаңшылық жайлап, жайылымдық жерлер азайған. Әрине, бұл қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігіне кері әсерін тигізуде. Себебі мұндағы жергілікті тұрғынның басым көпшілігі мал шаруашылығымен айналысады.

Бүгінде ауданға қарасты 8 ауылдық округ тұрғындары қыстан аман шыққан 159 сиыр мен 321 бас жылқы және 1 түйеден айырылып отыр. Қорегін Жер Анадан таба алмай әлсіреген мал тартылған көлшіктің табанындағы балшыққа батып, шыға алмай қалған. Десе де ветеринария мамандары мен арнайы зертханашылар аудандағы елді мекендерді аралап, тексеру жұмыстарын жүргізуде. Олар өлген малдан сынама алып, аурудың бар-жоғын анықтауда. Аталған зерттеу нәтижесі бір айдан кейін дайын болмақ.

– Қазіргі кезде Арал ауданында 931 мал шаруашылығы бар. Негізі шаруашылық қорында қыстан шыққаннан соң, кем дегенде 500 бау шөп болу керек. Алайда биыл небәрі 100-200 бау ғана артық шөп қалды. Сондықтан шаруа қожалықтарында үлкен келеңсіздік орын алып отыр. Негізінде біздің аймақта суармалы жердің аз болуына байланысты шабындық жерлердің шөбі сирек және құнарсыз болып келеді. Осыған орай аудан шаруашылықтары мал азығын көршілес Ақтөбе облысы мен өзіміздің күрішті аудандардан сатып алуға мәжбүр. Бүгінде аудан әкімдігі аймақта орын алған қуаңшылыққа қатысты төтенше жағдай жариялаудың заңдылықтары туралы мәселелерді қарауда. Атап айтсақ, Сырдария, Жалағаш аудандарындағы өндірілген жоңышқа шөбінің бірінші орамы біздің өңірге тасымалданбақ, – деді аудан әкімінің орынбасары Е.Әбішев.

Келеңсіз жағдайдың алдын алып, мал шығынын тоқтату мақсатында түрлі шаралар қолға алынбақ. Қазір Арал ауданына жем-шөп жеткізілуде. Бүгінгі күнге дейін 116 тонна жоңышқа жеткізілсе, алдағы күндері 518 тонна мал азығы жіберілмек. Сондай-ақ Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы және аймақтағы аудандармен келісімдер жасалуда. Ал алдағы сенбіде аудан орталығында Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария аудандарының қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткізіледі. Онда жем-шөптің бағасын нарықтағыдан 10-15 процентке дейін арзан сату көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде Арал ауданының мал шаруашылығына оң серпінін тигізбек.

Брифингте облыстық ауыл шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айнұр Тілеулеева мал шаруашылығын қолдау мақсатында «Ауыл шаруашылығы малдың азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату» бағытын қаржыландыру жолдарына тоқталды. Былтырдан бастап облыстық бюджеттен қосымша 730 млн теңге бөлініп, 588 шаруашылықтың мал азығына жұмсаған шығындары ішінара қаржыланған. Оның ішінде 42 өтінім Арал ауданына қарасты шаруашылыққа берілген.

Несібесін ата кәсіптен тапқан елдің үлкен уайымы бұл. Мал басын азайтып алмас үшін нәтижелі шара қабылдау қажет.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

МЕНІҢ ЕЛІМНІҢ ӘНҰРАНЫ

Қазақ вальсінің королі атанған Шәмші ағамыздың ел жүрегінен орын алатын, көптің жадында сақталған бұдан да басқа әндері баршылық. Бірақ кез келген ән мемлекеттің гимні бола алмайды. Оның сөзі терең тебіреніспен жазылса, әні жүрек түкпірінен шыққан. 1956 жылы шығарылған әннің тарихына көз жүгірсек, ол қазақты рухтандыруды, біріктіруді көздейтін туынды екенін аңғарамыз. Композитордың өзі «Ол тұс – Ақмоланы «Целиноград» атап, сол жақтағы бес облысты бір өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болып жүрген кез еді. Осының алдында ғана Оңтүстік Қазақстанның нағыз қазақи үш ауданы Өзбекстанға берілген болатын. Қазақ жері осылайша бөлшектелгелі жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын Әнұран қажеттігін сездім. «Менің Қазақстаным» солай туды. Өлеңін Жұмекен Нәжмеденов жазды. Әнді радиоға Жамал Омарова жаздырды да, ол ән біздің өтінішіміз бойынша күніне бірнеше рет беріліп тұрды. Бұл менің қасиетті қазақ жерін бөлшектеуге білдірген қарсылығым еді» дейді естеліктерінің бірінде.

Басы 1-бетте

Қарап отырсақ, бұл әннің шығуына кеңестік үкіметтің солақай саясаты себепкер болған. Өткен ғасырдың елуінші жылдарының ортасында Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру жұмыстары жүрді. Жұмыс күші керек деген желеумен кеңес үкіметінің түкпір-түкпірінен көптеген адам қоныс аударды. Бұл оқиғалардың астарында үлкен саясат жатты. Қазақ жерін бөлініске салу, республиканың тұтастығына сызат түсіру секілді мақсаттар көзделді. Мұны елдің тұтастығына бейқам қарамайтын кез келген тарихшы растай алады. Өйткені бұл – бар қазаққа белгілі шындық. Біз мұны деректі фильмдерден де, кинолардан да, тарихи мақалалардан да көріп, оқып, біліп жүрміз. Кеңес үкіметінің басындағылар Қазақстанның тың даласын, яғни, солтүстік облыстарды Ресей тарапына қосу пиғылын жасырын жүргізді. Мұндай жымысқы саясатты түсінген қазақ халқының патриоттары ата-баба жерін сақтап қалуға талпынды. Міне, осы кезде Жұмекен мен Шәмшідей өр тұлғалы қазақ ұлдары жүректе жатталатындай туындыны шығарды. Бұл әнді тыңдаған әрбір қазақтың рухы көтерілді. Тіпті, радиодан күніне бірнеше рет беріліп тұрған. Сол арқылы халықтың еңсесі тіктелді. Бірақ сәл нәрсеге шүйілігетін қызылжағалылар «Менің Қазақстанымға» да тырнағын батырды. Шәмші ағамыздың өзі «...Кезінде кеңестік жүйенің қарғылы төбеттері әннің өнебойынан елдік сананың ұшқынын көріп, оның өлеңіне қатысты дау шығарған көрінеді» деген. Сондағы қосқан «Жеті жыл жоспары, Жеті қыр асқаны. Думанды бастады, Қазақтың жастары» деген жолдардан сол дәуірдің қозғаушы күші – коммунистік партияның жеті жылдық жоспарын ұлықтауға арналған шумақ екенін аңғару қиын емес.

Жұмекен Нәжмеденовтің жұбайы Нәсіп апайдың айтуынша, ақын ағамыз бұл әннің сөзін 1956 жылы Алматыда, белгілі шаңқобызшы Гүлсара Піржанованың үйінде шығарыпты. Әрбір сөзінің өзі бүтін бір ұлысты бірлікке ұйыстыруға, ынтымаққа шақыруға бағытталған. Қазақтың кең даласын, жайқалған егінін суреттейтін өлеңді қалай ғана сүймессің?! «Менің елім, гүлің болып егілемін, жырың болып төгілемін!..» деп ел мен жерді сүюге, Отанды қастерлеуге шақыратын жыр жолдары жүрекке бірден жетпей ме?! Шәмшінің әні, Жұмекеннің өлеңі Ұлы даладағы Қазақ елінде қазақпен бірге мәңгі жасайды. Өйткені, бұл – менің елімнің, Қазақстанымның Әнұраны!

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘҰЛЫ

КӘСІП

Мемлекет қолдауы кәсіпкерлік саласына серпін беруде. Осы ретте 2017 жылдан бастап жүзеге асырған «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағыты бойынша «Еңбек» бағдарламасын ерекше атап өтуге болады. Оның басты мақсаты – еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптік біліктілікті меңгерудің тиімді жүйесін дамытуға бағытталған. Бағдарлама аясында қайтарымсыз грантқа ие болғандардың қатарында Шұғыла Рахметова да бар.

ӘСЕМДІККЕ ЖАНЫ ҚҰМАР ШҰҒЫЛА



Ізденімпаз Шұғыла Рахметова сән мен сұлулық әлеміне аяқ басуды жөн санапты. Біз тілге тиек етіп отырған кейіпкеріміз Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Графикалық дизайн» мамандығын тәмәмдаған. Өзінің мамандығы бойынша үздік оқыған кейіпкеріміздің ішкі сезімі осы сұлулық саласын қалапты.

– Заман дамыған сайын сұлулық саласының да түрлі технологиялары шығуда. Соған сәйкес сұлулыққа жаны құмар бикештердің әрлеуші мамандарға деген сұранысы артып келетінін байқадым. Өткен жылы таныстарымнан мемлекеттік бағдарлама арқылы кәсібін ашып жатқанын естідім. Қазір барлық мүмкіндік бар ғой. Мемлекеттік грант жайлы 3 балалы болған уақытымда іздене бастадым. Кейіннен ғаламтор арқылы менің салама қатысты көмектердің барлығын іздеп, сарапқа салдым, – дейді Шұғыла бізбен әңгімесінде.

Алдымен ол іскерлік әлемнің қыр-сырына қанығу үшін қазіргі жағдайға байланысты 21 күндік онлайн курстан өткен. Уақыт өте келе жұмыспен қамту орталығы хабарласып, сол арқылы бизнес-жоспарын сәтті қорғап, 585 мың теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантқа ие болған. Сол арқылы сұлулық салонының керекті құрал-жабдықтарын алған. Қазіргі таңда кәсібі дөңгелеген Шұғыла Сағладинқызы «Мерей» шағын ауданындағы «Богиня» сұлулық салонында жұмыс істеуде. Оның келешекке деген жоспары көп және бір орында тоқтап қалмай, жаңа жұмыс орындарын ашып, мемлекеттің өркендеуіне өз үлесін қосқысы келетінін де жасырмады.

Мемлекеттік бағдарламаның шарты бойынша қайтарымсыз гранттар көпбалалы, жағдайы төмен отбасылар мен жас кәсіпкерлерге беріледі. Бұл олардың тұрмысын түзетіп алуға жасалған оңтайлы жағдай. «Кәсіп түбі – нәсіп» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек-ті. Арманға деген ұмтылыс болса, мемлекеттік бағдарлама кез келген кәсіптің иесі атануға жол ашады.

Аружан СЕЙДУЛЛА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ІІІ курс студенті

СПОРТ

АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ: ЖЕҢІС ПЕН ЖЕҢІЛІС

Жақында ғана Біріккен Араб Әмірлігінің Дубай қаласында бокстан өткен Азия чемпионаты өз мәресіне жетті. Құрлық біріншілігінің жүлделері 10 салмақ дәрежесінде сарапқа салынды. Чемпионатта жігіттеріміз 49 келіден +91 келіге дейінгі салмақта ел намысын қорғады. Ал қыздар 48 келіден +81 келіге дейін өз бақтарын сынады.

Бауырларымыздың бесеуі финалдық бәсекеге жолдама алды. Ақтық сында 75 келі салмақта жұдырықтасқан отандасымыз Әбілхан Аманқұл мен өзбекстандық Саиджамит Жафаров тартысқа толы жекпе-жек көрсетті. Әбілханның айқын жеңісін төрешілер мойындамай, жеңісті Өзбекстан боксшысына берді. Біздің жігіт қарсыласын нокдаунга түсірсе де соқыр төрешілер бұны байқамады. Әділетсіз шешімге ешкім қарсылық таныта алмады, халық наразылығын білдірді.

Аса ауыр салмақтағы Сыр өңірінің тумасы Қамшыбек Қоңқабаев финалда Бахадур Жалоловпен кездесті. Төрешілер өзбекті жеңіске лайық деп тапты. Дәл осы жекпе-жек олардың 7 рет қолғап түйістіруіне мүмкіндік берді. Қамшыбекте осыған дейін 3 жеңіс, Бахадурда да 3 жеңіс болған еді. Бұл жолы өзбекстандық боксшы басым түсті. Бауырымызға сәл ғана сәттілік жетіспей қалды. Дегенмен оның финалға дейінгі жүріп өткен жолы мақтауға тұрарлық. Тәжірибелі бәсекелесіне қарымды қарсылас бола білді. Енді олимпиада төрінде Қамшыбек алтыннан алқа тағады деп үміттенеміз.

Жігіттердің сәтсіздігін қыздарымыздың жеңістері ақтап алды. Финалдық бәсекеде 8 қызымыз алтыннан алқа тақты. Мұндай нәтиже бұрын соңды қазақ спортында болмаған. Азия чемпионатында барлығы жүлделі орындардан көрінді. 51 келі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғаған аруымыз Назым Қызайбайдың жекпе-жектері ерекше болды. Ол 6 дүркін әлем чемпионы, олимпиаданың қола жүлдегері атақты үнді боксшысы Мэри Комды ақтық сында жеңді. Кездесу толық 3 раунд болды. Төрешілер біздің қыздың жеңісін айқын басымды ретінде санады.

Қыздардың нәтижесі жалпы қорытынды есепке әсер етіп Қазақстан алғашқы орынмен турнирді аяқтады. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев сұлуларымызды арнайы құттықтап, әлеуметтік желіге жазба жариялады. Азия чемпионаты Токио да өтетін олимпиада ойындары алдындағы дайындық жұмысына пысықтау есебінде өтті. Олимпиада да былғары қолғап шеберлері қателіктермен жұмыс істеп, өздерін жақсы деңгейде көрсетеді деген сенімдеміз. Ендеше, сәттілік, қазақтың күрзі жұдырықты батырлары!

Нұрдәурен ЖӘРДЕМХАН,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
ІІ курс студенті

THE WALL STREET JOURNAL.

ҚЫТАЙДА «ҚҰС ТҰМАУЫ» БАСТАЛДЫ МА?

Қытайдың денсаулық сақтау министрлігі ер адамның құс тұмауының сирек кездесетін штаммын жұқтырғанын мәлімдеді. Бұл ақпарат күллі әлем жұртшылығының назарын аударып, үрейін ұшырғаны да жасырын емес. Қазіргі кезде күллі әлем Қытайдан тараған пандемиямен әлі де болса күресіп келе жатыр. Сондықтан бұл вирустың да таралып кетуінен сескеніп отырғаны анық. Осыған орай «The Wall Street Journal» басылымының тілшісі Лиянь Ци «Құс тұмауы таралды. Қытай бір адамның құс тұмауының H10N3 штаммын жұқтырғанын мәлімдеді» деген тақырыппен мақала дайындады.

Мақалада Қытайдағы денсаулық сақтау басқармасы 41 жастағы ер адамның құс тұмауының H10N3 штаммын жұқтырғаны туралы жазылған. Бұл штаммды жұқтырған науқас ауруханаға шамамен сәуір айының аяғында жатқызылған. Денсаулық сақтаудың ұлттық комиссиясы 23 сәуірде науқастың дене қызуы көтеріліп, кейін ауру белгілері пайда болғанын айтты. Осыдан кейін ол Цзянсу провинциясындағы ауруханаға жатқызылған. Қазіргі кезде дәрігерлер науқастың жағдайы жақсарып, ауруханадан шығарылуға дайын екенін мәлімдеп отыр.

Әзірге комиссия ер адамның вирусты қайдан жұқтырғанын айтпай отыр. Дегенмен мақалада мұндай вирус құстарға жақын болған адамға жұғатынын, қазіргі кезде Қытайда өлген құсқа жақындамау туралы ескерту жүріп жатқаны жазылған. Сонымен қатар мақалада құс тұмауының ауырлығы туралы да жазылған. ДДСҰ-ның мәліметінше бұл вирустың H5N1 секілді штаммының өлімге алып келу қаупі 60 процентті құрайды. Дегенмен ол вирус адамға оңай жұқпайды.

Бұған дейін Қытайда құс тұмауы бірнеше рет тарады. Өткен жылы коронавируспен күресіп жатқанда Хунань орталық провинцияда вирустың H5N1 штаммымен 4500 тауық анықталып, қосымша 18 мың құстың көзі жойылған. Ал мамырда Қытайдың ауылшаруашылық басқармасы құс тұмауының H5N8 штаммы жүздеген дала құсының көзін жойғанын, сол себептен жауапты органдарға залалсыздандыру шараларын жүргізуді тапсырған болатын.

Дегенмен Қытай билігі бұл вирустың таралу қаупі өте төмен екенін айтып отыр. Олар мониторингтік топтың шұғыл әрі жүйелі түрде жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесінде вирусты жұқтырған адам анықталмағанын мәлімдеді. Қытай билігі H10N3 штаммы қауіпсіз деп көпшілікті сендіріп отыр.

Икана медициналық мектебінің микробиология кафедрасының профессоры Адольф Гастриа-Сарсе басылымға берген мәліметінде адамдардың құс тұмауын жұқтыруы жиі кездеспесе де, құс тұмауы жиі қайталанатынын айтқан.

– Вирустың адамға кездейсоқ жұққаны туралы мәлімет әбден рас болуы мүмкін. Дегенмен оқиғаны жіті тексеріп, қауіп болса оның алдын алған жөн, – дейді профессор.

Қытайдың жариялаған мәліметтерінің ашықтығына көпшілік ел күмәнмен қарап отырғаны рас. Бүгінгі күндері басты мәселе болған «Covid-19» вирусының пандемияға айналуын Қытайдың кеш хабарлағанының, індетті жасыруының кесірі деп кінәлаушылар да бар. Десе де құс тұмауы туралы ақпарат дер кезінде айтылғанын, оның адамға жұғуы өте сирек екенін Қытай алға тартып отыр.

Одан бөлек, Қытайдың денсаулық саласындағы ақпараттың ашықтығын, коронавирус туралы ақпараттың кеш таралуы туралы пікірлердің жала екенін билік алға тартып келеді. Олардың мәлімдеуінше 2003 жылы таралған жіті респираторлық аурудың синдромы болған «SARS» вирусы ашық ақпарат таратуға себепкер болған.

Дегенмен бұрындары тек жабайы құстарда анықталған құс тұмауының H10N3 штаммы адамнан табылғанда күллі әлем назарын аударды. Ғалымдар да бұл вирус сүтқоректілерге жұғуы әбден мүмкін деп дабыл қағуда. Бұған дейін H10N3 штаммы 1979 жылы Гонконгте, кейін 2011 жылы Таиландтың құс базарынан табылған. Ал бұл вирусты жұқтырған ең алғашқы адам осы 41 жастағы қытайлық азамат.

Аталған штаммнан эпидемияның таралу ықтималдығы аз болғанымен, әлем елдері еріксіз назар аударды. Олар ақпараттың бүкпесіздігін талап етіп, вирусты толығырақ зерттеу керектігін айтуда. Себебі қазіргі пандемия кезінде екінші вирус тараса адамзат баласына оңай тимесі анық.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4843 Тапсырыс №809

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.
Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ